**АҚБББ «IT мектеп-лицей» КММ**
**2023-2024 оқу жылы**
**тәрбие тұжырымдамасы бойынша іс-шаралар қорытындысы**
**«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру мақсатында жасалған жұмыстар**

| | Шара атауы | Шара туралы | Сілтеме | Фото |
|---|---|---|---|---|
| 1. | **1 қыркүйек- білім күні «Мектеп мейірім мекені »** | 1 қыркүйек- білім күні. «Мектеп – мейірім мекені» тақырыбында салтанатты жиын өтті. Аяулы мектеп бүгінде шәкірттерін ыстық ықыласпен қарсы алып, 176-дан аса 1- сынып оқушылары мектеп табалдырығын аттады. Шараға қатысқан ата-аналар өздерінің жылы лебіздерін білдірді. Салтанатты шараның ашылу сәтін мектеп директоры 1-11 сыныптар арасында «Мектеп –мейірім мекені» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2NDJh |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Қамтылған балас саны: 295 оқушы. | | |
| 2. | **«Назар аударыңыз балалар» «Абайлаңыз балалар!», «Түнгі қаладағы бала» рейдтік шаралар(арнайы жоспар ) «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы** | 15.09.23ж "Құқық бұзушылықтың және жол-көлік оқиғаларын алдын алу" тақырыбында Ішкі істер қызметкерлерімен бірлескен ата - аналар және 10-11 сынып оқушыларымен жиналыс өтті. Мақсаты: түнгі рейд, мектептегі әртүрлі құқық-бұзушылықтың алдын алу, электронды темекі зияны туралы түсінік жұмыстарын жүргізу. Жиналысқа -150 ата –ана қатысты. Сонымен қатар кезекті "Жолда абай бол, оқушы!" атты шарасы өтті. Қамтылған оқушылар саны – 78 оқушы қамтылды. | https://www.instagram.com/reel/DAoM94ksAyR/?igsh=Z3d0Ywhob 2lyazF4 |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3. | **«М.Жұмабаев - заманның заңғар тұлғасы» жалпы Қазақстандық диктант жазу** | 5.09.2023ж. күні ЖББ ІТ-мектеп лицей мектебінің ұжымы Қазақстан халқы тілдері күніне орай, мемлекеттік тілде жалпықазақстандық ашық диктант жазды. Диктанттың мақсаты: Қазақстан халқын біріктіруші фактор ретінде мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлін нығайту.Диктант тақырыбы: «Мағжан Жұмабаев – заманның заңғар тұлғасы».Диктантқа 45 қызметкер қатысты.Диктант жаза отыра , ұжым Мағжан жұмабаевтың өмірбаяны мен еңбектерінен , өлеңдерінен мағұлмат алды. Қатысқан мұғалімдер саны: 40 мұғалім. | https://www.instagram.com/reel/DAoM94ksAyR/?igsh=Z3d0Ywhob 2lyazF4 |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4. | **«Отбасы – бақыт мекені»** | Жоспар бойынша 1-11сыныптарға 10.11.2023 ж. күні «Отбасы –бақыт мекені» тақырыбында сынып сағаттарымен және сыныптан тыс шаралар өткізілді. Отбасындағы бала тәрбиесі жөнінде әңгіме, тренингтер Оның пайдасы , ана мен баланың тығыз байланыс орнату. | https://www.instagram.com/reel/DAoM94ksAyR/?igsh=Z3d0Ywhob 2IyazF4 |   |
| 5. | **«Сергіту сәті» «Тоғыз айға 9 шара»** | «Тоғыз айға 9 іс – шара» тұжырымдамасы аясында 08.09.2023ж. мектебімізде «Сергіту сәті» челленджі өткізілді.Мақсаты: Оқушылардың салауатты өмір салтын насихаттау.Міндеті: физикалық , психологиялық стрессті төмендетуге ықпал ету; оқу – іс | https://www.instagram.com/reel/DAoM94ksAyR/?igsh=Z3d0Ywhob 2IyazF4 |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | –әрекеті процесінде шаршаудың алдын алуға, физикалық белсенділікті арттыруға ықпал ету. Қатысқан оқушылар саны: 220 оқушы | | |
| 6. | **Қожа Ахмет Яссауйдің «Хәл хикме ілімі» Қожа Ахмет Яссауйдің туғанына 930 жыл (Жеткіншектің жеті жарғысы)** | IT-мектеп лицей мектебінде Күзгі демалыс уақытында жұмыс жоспарына с»йкес 7-8 сынып оқушылары арасында «Қожа Ахмет Яссауи мұраларын оқу» тақырыбында эссе жазу байқауы өтті. Байқау мақсаты: Қ.А.Яссауидің ілімі ұсынылатын ізгілік ойлар туралы білімдерін кеңейту, өскелең ұрпақтың бойына адалдық , әділдік , парасаттылық пен сенім сынды маңызды адамгершілік құндылықтарды сіңіру. Эссе жазу байқауына | https://www.instagram.com/reel/DAoM94ksAyR/?igsh=Z3d0Ywhob 2lyazF4 |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | қатысқан оқушылар жүлделі орындар иеленді. | | |
| 7. | **Мектеп президентін, фракция көшбасшылары н сайлау** | 2023-2024 оқу жылында өзін –өзі басқару ұйымы жаңа форматқа көшті. Былтырғы оқу жылындағы мектеп парламенті өз жұмысын тоқтатты. Жаңа топ, жаңа көзқарас, жаңа формат бойынша жұмыс жасайды. «Тәрбиенің біртұтас бағдарламасы» негізінде мектептегі өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру моделін, коммуникативті ойындар, тың идеялармен , жаңа серпімен жұмыс жасайды. Алда Сайлау. Бағдарлама.Үгіт-насихат жұмыстары.Ұлықтау күн. Сайлауға қатысқан оқушылар саны : | https://www.instagram.com/reel/DAoM94ksAyR/?igsh=Z3d0Ywhob 2lyazF4 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 20 | | |
| 8 | **Құқық бұзушылықтың алдын алу** | ЖББ IT-мектеп лицей бойынша 05.12.2023ж. күні 9 б және 7 бсыныптарға мектеп инспекторы С.Темировтың ұйымдастыруымен жиналыс өткізілді. Жиналыс мақсаты:Құқық бұзушылықтың алдын алу, дін туралы түсініктердұрыс қалыптастыру, мектеп ережесін бұзбау.Өскелең жасұрпақты мейірімділікке, мәдениеттілікке, кішіпейіл болуға тәрбиелеу.Қатысқан оқушылар саны -72 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарының 28-тармағын іске асыру мақсатында атқарылған | https://www.instagram.com/reel/C_h2wnYMXpy/?igsh=bmRsdGlsdHJkamg4 |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | жұмыстарМектепішілік зорлық-зомбылықты алдын-алу шараларыбойынша 2023-2024 оқу жылы жоспар бойынша жұмыстар атқарылды: | | |
| | **1 қазан – Қарттар күніне орай «Қазыналы Қарттарым аман болсын»** | 1 қазан - Қарттар күніне орай 1-11 сыныптар арасында «Қазыналы қарттарым аман болсын» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: Асылдай қарттарымызды құрметтеуге, оларға қамқор болуға баулу. Шараға : 1-11 сынып оқушылары қамтылды. Қазан айында 1 қазан «Қазыналы қарттарымыз аман | https://www.instagram.com/reel/DAoM94ksAyR/?igsh=Z3d0Ywhob 2lyazF4 |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | жүрсін» тақырыбында 10 сыныптар арасында эссе жазу байқауы өтті. Мақсаты: Оқушылардың ой-өрісін дамыту, үлкенге қызмет көрсете білу, өз ойын толық айқын жеткізуіне ықпал жасау. | | |
| 0. | **«Ұстаз сіздің алдыңызда..... («Дублер күні»)** | 05.10.2023ж.күні ұстаздар мерекесіне орай, дәстүрлі «Дублерлар күні» өтті.Дублерлар күнінің мақсаты: оқушылардың әр түрлі мамандықтарға деген қызығушылықтарын арттырып, мұғалімдердің еңбегінің зор екенін жеткізу.Бұл күндері «Мектеп парламенті» фракциялары мен жоғары сынып оқушылары мұғалімдер мен | https://www.instagram.com/reel/DAoM94ksAyR/?igsh=Z3d0Ywhob 2lyazF4 |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | мектеп әкімшілігінің қызметтерін атқарды.Бірі мектеп басшысының , бірі мұғалімнің бір күндік жұмыс кестесіне сай қызметін жасап, сол істің жауапкершілігін сезінеді.Мұндай тамаша мүмкіндіктің арқасында оқушылар өз бойындағы көшбасшылық қасиеттерді жетілдіріп, иүлкен тәжірибе алады.Ұстаздар күні қарсаңында дублерлік қызметті атқарған оқушылар сан-30. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. | **25 қазан Республика күніне орай Әнұран орындау.** | 25 қазан Республика күніне орай «9 айда 9 іс – шара» жобасы аясында Қазақстан Республикасының «Әнұран айту»челленджі өтті. Мақсаты : білім алушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыру. Міндеттері:Білім беру ұйымдарының барлық білім алушылардың ел әнұранының мәтінін жатқа айту. Еліміздің мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қарау.Өткізген мерзімі: 23.10.2023. Қатысқан оқушылар саны : 495.Қатысқан мұғалімдер саны - 55. | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2NDJh |    |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2. | **«Әке отбасының тірегі»** | Әкелер күніне орай мектебімізде **«Әке отбасының тірегі»** атты әкелер форумы шарасы мектебімізде жоғары деңгейді өткізілді.Шара барысында концерттік бағдарлама және спорттық шаралар өткізілді. Мақсаты: Әке мен бала арасындағы байланысты нығайту, оқушының әкесінің қасында сенімділігін арттыру.Шараға мектеп әкімшілігі мен қоса қызметкерлер түгелдей қамтылды.Қатысқан әкелер саны: 50 | https://www.instagram.com/reel/C3m4x_hI9U2/?igsh=MWo0ZmkwOWQ4bTJxMQ== |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3. | **«Асық ату ойыны» «Тоғыз айға 9 іс- шара»** | 17.11.2023 ж. күні ЖББ "IT-мектеп лицей" мектебінде «Бес асық» Республикалық челлендж өтті. Челленджге мектеп оқушылары белсене қатысты. Қатысқан оқушылар саны-100. Асық ойнаумен танысып, ережелерін сақтап, ойнаулдың өзіндік сырларының техникасын ұстап, ұлттық байлығымызға лайықты деңгейде көңіл бөлу, керектігін дәріптеу .Өткенді зерделеп, келешек ұрпаққа насихаттау. | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2NDJh |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4. | **« Алтын күз»** | 8-9-10-11 сынып оқушылар арасында Алтын күз шарасы өткізілді. | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2NDJh |      |
| 5. | **«Жаңа жылға –жаңа қадамдар» қайырымдылық шыршалар.** | Қайырлымдылық шырша шарасына мектебіміздегі әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларға қайырымдылық шара шара өткізілді және сыйлықтар таратылды. | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2NDJh |    |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6. | **«Кәсіби таңдауым-өмірлік қалаулым» студенттермен кездесу.** | Мектебіміздің биылғы түлектері студент атанып, биылғы түлектермен кездесіп көкейіндегі сұрақтарды қойып студенттермізден жауаптарын алды. | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2NDJh |    |
| 7. | **«Тәрбиенің қазіргі беталысы және құндылықтар жүйесі» тақырыбындағы қалалық семинар.** | Тәрбиенің қазіргі беталысы және құндылықтар жүйесі тақырыбындағы қалалық семинар өткізілді. | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2NDJh |    |
| 8. | **«Dosbolike»буллингке қарсы акция** | #Досболlike .#буллингке қарсы акция аясында мектеп оқушылары арасында | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2N | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | профатикалық түсіндерме жұмыстары жүргізіліп, челлендж түсірілді. | |      |
| 9. | **«Жақсылыққа жаны құштар» алғыс айту күніне шара** | Жақсылыққа жаны құштар тақырыбында алғыс айту күні мерекесіне орай шара өткізілді. | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2NDJh |   |
| 20. | **«Арулар-асыл жандар!»** | 8 наурыз Аналар мерекесіне орай Арулар-асыл жандар тақырыбында барша aруларға мерекелік шара өткізілді. | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2NDJh |   |
| 21. | **«Амал келді, жыл келді» 14 наурыз** | Мектебімізде 14 наурыз күні ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесінің бастауы | https://www.instagram.com/reel/C4-BKLvss8m/?igsh=MWE3NDV1NHcxNGo4ZQ== | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | саналатын Көрісу күні кең көлемде аталып өтілді. Мектеп дәлізінде ұлттық нақышта ағаш үй жасақталып, ақ дастарқан жайылды. Мектеп ұжымы мен оқушыларымыз ұлттық тағамдардан ауыз тиіп, талантты оқушыларымыздың өнері тамашаланды. | |  | |
| 22. | **«Қайырымдылық күні» 15 наурыз** | Наурыз айының 15-і күні "Қайырымдылық күніне" орай 6 сынып оқушыларымен тәрбиелік іс-шара өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты-қайырымдылық, жақсылық жасау туралы оқушыларға түсінік беру. | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2NDJh |  |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 23. | **«Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні» 16 наурыз** | 16 наурыз «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр» күні Мақсаты: Қазақ мәдениеті, өнері мен ұлттық салт-дәстүрі - ұлттың "мәдени коды" Бұл күн мәдениет, өнер мен ұлттық салт-дәстүр насихатына арналған. Бұл күні ел аумағында қазақстандық авторлар, суретшілер, мүсіншілер туындыларының тұсаукесерлері ұйымдастырылады. Қазақ мәдениетінің түп негізі гуманистік идеялардан туындайтын болғандықтан, ол қоғамды жалпыадамзаттық құндылықтар аясында біріктіруші күш бола алады. Оның ішінде, өзгені | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2NDJh |   |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | түсінуге ұмтылу, өзара көмек пен ынтымаққа негізделген қарым-қатынас қағидалары халықты біртұтас ұлтқа айналдыруда аса маңызды. Сондықтан 16 наурыз тақырыбы азаматтарға ата-бабамыздың рухани-практикалық және мәдени тәжірибесін еске түсіріп, одан сабақ алуға мүмкіндік береді. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 24 | **«Шаңырақ күні» 17 наурыз** | 17 наурыз « Шаңырақ» күні Мақсаты: Қазақ мәдениетінде шаңырақтың қадір-қасиеті айрықша. Ол – әрі аспан күмбезі, әрі үй-жай, әрі тірек, әрі бақуаттылық пен қауіпсіздік және ұрпақтар сабақтастығы. Ол – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан материалдық және рухани мұра, сонымен қатар отбасының тұрақтылығы мен ұрпақтың үздіксіз жалғасуының символы. Шаңырақ – отбасы белгісі, сондықтан да қазақ халқы жас жұбайлардың отау құрып, шаңырақ көтеруіне ерекше мән берген. Ата-бабаларымызда «Шаңырақ көтеру» атты ерекше дәстүр- | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2NDJh |   |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | салт болған.Жалпы, Наурыз мерекесінің жаңа тұжырымдамасы аясындағы «Шаңырақ» күні жалпыұлттық отбасылық құндылықтар мен кіршіксіз махаббат күніне айналады деуге негіз бар. | | |
| 25. | **«Ұлттық киім күні» 18 наурыз** | 18 наурыз «Ұлттық киім» күні<br>Мақсаты: Бұл күн ұлттық киімге арналады. Сан ғасырлар бойы қазақтың ұлттық киімі қарапайымдылығымен және ұтымдылығымен ерекшеленеді. Ұлттық киім үлгісінде пайдаланылатын былғары, жүн, киіз, мата сияқты табиғи материалдар, асыл тастар мен | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2NDJh |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | металдар адамға жылулық пен жайлылық сыйлаумен қатар, киім иесінің атақ-дәрежесін, байлығын көрсететін. Ұлттық киім күні – киім үлгісі арқылы әр адамға өз даралығын білдіруге, сонымен қатар Қазақстанның бірлігі мен мәдени әралуандығын танытуға мүмкіндік береді. | | |
| 26. | **«Жаңару күні» 19 наурыз** | 19 наурыз «Жаңару» күні Мақсаты: Бұл күні сөзбе-сөз мағынада да, қоғамдық-саяси тұрғыда да "өмірдің жаңаруын" бейнелейтін жаппай ағаш отырғызу шарасы. "Жаңару" күні барша азаматтарды ортақ мақсаттарға жету жолында бірігуге | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2NDJh |    |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | және ынтымақта болуға үндейді. Бұл күн ел өмірінде және әрбір қазақстандықтың өмірінде жаңа кезеңнің басталуын білдіреді. Бұл – алға жаңа мақсат қойып, жаңа жобаларды бастау, елдің жаңа басшылығының саяси ерік-жігері мен прагматикалық ұстанымының арқасында өмірді жақсылыққа қарай өзгерту туралы шешім қабылдау уақыты. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 27. | **«Ұлттық спорт күні» 20 наурыз** | 20 наурыз «Ұлттық спорт» күні Мақсаты: Ұлттық спорт түрлері мәдени мұраны сақтауға, жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін күшейтуге ықпал етеді. Бұл мереке біз үшін бірліктің символына айналып, әр азаматтың өз елі үшін мақтанып, адами-рухани қасиеттерді дамытуына мүмкіндік береді. Бұл күні барлық өңірлерде ұлттық спорт түрлерінен түрлі жарыстар мен турнирлер өткізіледі. Ат жарыстарын (бәйге, көкпар, аударыспақ, жамбы ату, теңге ілу) және құсбегілік жарыстарын, сондай-ақ түрлі турнирлерді (тоғызқұмалақ, | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2NDJh |   |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | асық ату, садақ тарту) өткізу қазақстандықтардың жалпыға ортақ мерекені сезініп, төл дәстүрлерімізді жаңғыртуға мүмкіндік береді. | | |
| 28. | **«Ынтымақ күні» 21 наурыз** | Қазақстандағы Наурызнама онкүндігінің сегізінші күні 21 наурыз - Ынтымақ күні. Оның басты мақсаты - жалпы халық арасында бір-біріне деген сый-құрметті арттырып, татулық пен бірлікті насихаттау болып табылады. | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2NDJh |   |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 29. | **«22 наурыз – Жыл басы»** | 22 наурыз «Қош келдің Әз Наурыз» ! Мақсаты: Наурыз мерекесі — әлемнің ең көне мерекелерінің бірі. Орта Азия халықтарында бес мың жыл бойы тойланып келеді. «Наурыз» сөзі парсы тілінен аударғанда «Жаңа күн» деген мағынаны береді. Бұрынғы қариялар 22 наурызды «Қызылбастың наурызы» дейді екен (Қызылбас — Иран, бұрынғы Парсы елінің қазіргі атауы). «Наурыз» сөзі парсы тілінен шыққан, «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Қазақ халқы наурыз демей, Амал деген. Наурыздың дәстүрлі тағамы — «Наурыз | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2NDJh |   |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | көже». Ол жеті түрлі азықтық заттан тұрады. Жеті деген сан аптаның жеті күнін бейнелейді, бұл санның мағынасы терең. 7 санға байланысты әдет-ғұрыптар бар. Наурыз мерекесін тойлау кезінде, ақсақалға наурыз көжеге толы жеті кесе ұсынылады. Наурыз кезінде әр адам өз үйіне 7 қонақты шақырып, өзі де 7 үйге жолығады. Өзбекстанда «Сумалақ» — наурыз көжеге ұқсас тағам дәстүрлі болып саналады. Ол да жеті азықтық заттан әзірленеді. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 30. | **«Тазару күні» 23 наурыз** | 23 наурыз "Тазару күні"<br>Бұл күн азаматтарға қоршаған ортаны қорғау туралы түсінікті кең таратып, қоғамда экологиялық мәдениетті дамытуға мүмкіндік береді.<br><br>Наурыз мерекесі ертеден табиғат тазалығын сақтауды үндейді. Мерекенің мәні – қыстан көктемге көшу, табиғаттың жаңа өмір бастауы осының нышаны. | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2NDJh |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 31. | **«Су-тіршілік көзі» 24 наурыз** | **Су – тіршілік көзі, күнделікті тұрмыстың ажырамас бөлігі. Оған бар тіршілік атаулы тәуелді. Дана халқымыз «Судың да сұрауы бар» деп бекер айтпаған. Ал біздің күнделікті судың қадірін біле бермейтініміз ащы шындық.** | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2NDJh |   |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 32. | **«Кәсіпкерлер күні» 26 наурыз** | 26-наурыз “Кәсіпкерлер күніне” орай 9-сыныптар арасында “Кәсіптік бағдар - болашаққа бағдар” атты 5 кезеңнен тұратын пікірталас өтті. Оқушылар мамандық, мамандық таңдау туралы өз ойларын айтып, өздері қалаған мамандықтары туралы түсінік беріп кетті. <br><br> Мақсаты: Мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру, өзін-өзі тану аймағын кеңейту, мамандық әлемінен ақпараттар алу: қазіргі заманның тапшы мамандықтарын көрсетіп сол | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2NDJh |   |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | бағытқа бағыттау.<br><br>Шараға жеке кәсіпкер Ахметхановна Альбина қатысып, оқушыларға ақыл-кеңесін айтып, өз тәжірибесімен бөлісті. Шара соңында мектеп директоры А.С. Батырова мен Альбина Ахметхановна белсене қатысып, ойларын білдірген оқушыларды марапаттады. | | |
| 3. | **«Маңғыстау-өндірістік өлке» 27 наурыз** | Облыста өнеркәсіп саласының негізі 19 ғ-дың 50-жылдарынан бастап қалыптаса бастады. Ол кезде балық, маусымдық итбалық аулау кәсіпшілігі және олардың негізінде бірнеше шағын | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2NDJh |   |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | балық өңдеу, тұз өндіру цехтары болды. Балық аулауды жолға қою Каспий теңізі үшін жағалауында 10-нан астам елді мекендер салынды. Ал өнеркәсіптің нағыз дамуы, осы аймақтың жер қойнауынан мұнай, газ кен орындарының табылуынан (Оңтстік Маңғыстау мұнай-газ кен орны) және оны игеруден басталды.<br><br>Маңғыстау жер қойнауын зерттеп, мұнай-газ байлықтарын ашуда жүргізілген қыруар жұмыстарды негізінен төрт кезеңге бөлуге болады. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 34. | **«Халыққа қызмет күн» 28 наурыз** | ҚР Президенті Әкімшілігі Наурыз мейрамын тойлаудың жаңа тұжырымдамасын орындау мақсатында 30 күнге 30 іс–шара жоспарына сәйкес, 28 наурыз – Халыққа қызмет күні деп белгіленген. Осы атаулы күнге орай Қарақия кәсіптік колледжінің Автоэлектрик 1-курс тобының топ жетекшісі Журумбаева Айнур студенттеріне «Халыққа қызмет - мерейлі міндет» тақырыбында тәрбие сабағын өткізді. | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2NDJh |   |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 35. | **«Таза Қазақстан» атты экологиялық акция** | 8 сәуірде республика бойынша «Таза Қазақстан» ауқымды экологиялық акциясы басталды. Акция бес аптаға созылады, олардың әрқайсысы белгілі бір тақырыпқа арналады. 13 сәуірге дейін созылған бірінші аптаның атауы «Таза өлке» болды: осы «жеті күн» ішінде елді мекендердің тұрғындары, қоғамдық қызметкерлер, ұйымдар мен кәсіпорындардың қызметкерлері іргелес аумақтар мен аулаларды тазартып отырды. 20 сәуірге дейінгі апта «Киелі мекен» деп аталады және тарихи-мәдени ескерткіштердің аумағын | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2NDJh |   |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | абаттандыру жұмыстарына арналған. | | |
| 36. | **«Оқитын ұлт!» жобасы аясында « Кітапқа құштар бала»** | Бүгінгі күні әрбір адам дерлік дүниежүзілік кітапхананың үлкен бөлігін қалтасында алып жүргенімен, балалардың жалпы сауаттылығы, эрудициясы, ой-өрісі өспейді. Міне, біз тағы да мәңгілік сұраққа тап болдық: «Не істеу керек?». Және бұл мүлде риторикалық сұрақ емес. Балаларға оқудың көңілді және жағымды эмоциялар болатынын көрсету керек. | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2NDJh |    |
| 37. | **Дүнежүзілік кітап күніне орай «Кітапханаға саяхат»** | 23 сәуір – Халықаралық кітап және авторлық құқық күні<br><br>Кітап – адам баласы ақыл- | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2NDJh | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | ойынан туған рухани байлықты сақтап, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын құрал, білім мен тәрбие көзі. Ол – адамзат жасаған ең ұлы кереметтердің бірі. | |    |
| 38. | **«Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу»** | Діни-экстремизмнің алдын-алуға байланысты жоспар құрылып мына төмендегі жұмыстар жүргізілді. 5-11 сынып оқушыларымен «Діннің рухани байлығы» тақырыбында ашық тәрбие сағаттарын өткізді. «Діни экстремиз дегеніміз не? » тақырыбында оқушылар арасында қазіргі таңда әлемнің түкпір –түкпірінде | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2NDJh |   |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | болып жатқан діни экстремизм және терроризмнің алдын-алуға байланысты сұрақтар қаралып талқыланды. | | |
| 39. | **«Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымына қабылдау шарасы** | Салтанатты жиынға мектеп директоры Батырова Анжела Сьезовна, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Сулейменова Айнур және Дүйсенова Ләззат, «Жас Ұлан» ББЖ ұйымының белсенді мүшелері қатысты.<br><br>Жиынға мектебіміздің озат, үлгілі шәкірті ретінде 2-сыныптар арасынан «Жас қыран» ұйымына 25 оқушы, 5-7 сыныптар арасынан «Жас ұлан» ұйымына 56 | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2NDJh |     |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | оқушы қабылданды.. «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының Ұланбасы Конур Жания рапорт тапсырып, оқушыларды ант беру рәсіміне дайындады. | | |
| 10. | **«Білімді ұрпақ-жарқын болашақ кепілі» жұлдыздар шеруі** | Мектебімізде жұлдыздар шеруі ұйымдастырылды. Шара барысында 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша түрлі сайыстарда жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанып, додаларда оза шауып бәйге алған оқушылар қошеметке бөленіп, марапаттарға ие болды. | https://www.instagram.com/reel/C_abdrXsH_3/?igsh=dGF3NHBqZTV2NDJh |    |